



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ


ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 29 (7913)
Жұма,
15 шілде 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Облыс әкімінің жұмыс сапары

ҚОРЫҚТЫ ӨЛКЕНІҢ АЛТЫНЫ



Қорғандар құпиясы

...Тікұшақ шығысқа бет алды. Төменде орманды таулар мен жыланша ирелендеген Бұқтырма өзені, сонадайдан Алтайдың тәжі – басын қар басқан Мұзтау көрінеді. Осыдан үш мың жылдан астам уақыт бұрын біздің ата-бабаларымыз Оңтүстік Алтай жерінің әсем табиғатына көз салып, осы жерде өмір сүруге бел байлаған. Берел жазығында олар өз ұрпақтарына бай мәдени мұра қалдырды, қазіргі уақытта осы мәдени мұраны зерттеу жұмыстары заманауи тарих пен ғылыми әлемге зор жаңалықтар әкелуде. Археологтар Берел қорғандарында әлі күнге дейін сирек кездесетін жаңалықтар ашуда, бұл жаңалықтар еліміздің ұлттық мұражайының құндылығына айналууда.

Мемлекеттік тарихи-мәдени «Берел» мұражай қорығы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 4 шілдедегі №674 Қаулысымен ашылған. Көшпелі ақсүйектердің жерленген обалары және олардан табылған ежелгі өнер туындыларының негізінде дүние жүзіне белгілі болған Берел қорымында зерттеу жұмыстары жалғастырылууда. Қорым солтүстік –батыстан оңтүстік шығысқа қарай бағытталған, әртүрлі көлемдегі төрт қорғандар тізбегінен және жеке жерлеу ғұрыптық көшендер топтарынан түзілген. Қазіргі күні ерте темір және түркілер дәуіріне жататын 100-ге таяу оба бар.

Берел қорымындағы ерте көшпенділер дәуірінің қорғандарынан табылған заттар - қыш ыдыстар,

жебенің ұштары, ат әбзелдері Қаратеңіз жағалауындағы скифтер мәдениеті бойынша жартылай көшпенді мал өсірумен шұғылданған тайпалардың қорғандарына жатады.

Екінші «Швейцария» деп бағаланатын Алтай - Еуразия Ұлы Даласыныңкіндігі болса, Катонқарағай түркілердің төрі, алты алаштың ата жұрты. Осыны дәлелдей түсу үшін археология ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев басқарған ғылыми экспедиция 1998 жылдан бері Берел қорғандарында қазба жұмыстарын жүргізіп, әлемдік ғылымға үлкен жаңалық енгізуде. Алғашқы жылдарда ол құрамында Ресейдің, Францияның, Италияның ғалымдары бар халықаралық экспедицияны басқарып келіп, №11 қорғаннан сақ патшасының, онымен қатар жерленген бір әйелдің мүрделерімен қоса, сол күйінде сақталған он үш атты, алтын жапырақшалармен оралған әртүрлі мүсіндегі әшекейлі заттарды тапқан болатын. Содан бері «Сақ патшаларының жазығы» аталып кеткен Берел қорғанында биыл да облыс әкімі Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың қолдауымен жұмыстарын жалғастырған археологтар елді елең еткізер жаңалықтардың басында тұр. №2 қорғанның қазба жұмыстарын жүргізу барысында үлкен тереңдіктен көз болжамымен бір әйел адамның және жеті аттың сүйек қаңқалары мен қыштан жасалған құмыраға кезікті. Аттардың барлығы қақ маңдайдан арнаулы қарумен соғып өлтірілген. Адам мүрдесіне жақын қойылған аттың басындағы жүген алтын жапырақшалармен әшекейленген,

12 шілдеде облыс әкімі Даниал Ахметов жұмыс сапарымен біздің ауданымызда болды. Ол Мемлекеттік тарихи-мәдени «Берел» мұражай-қорығында болып, қазба жұмыстарының және жолдардың күрделі жөндеу барысымен танысты, Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінде, сондай-ақ, аудан орталығы Үлкен Нарындағы орталық қазандықта болды.

ауызында темір ауыздық бар. Екінші атта да жүген бар. Қорғаннан табылған тарихи жәдігерлерді өз көзімен көріп қайту үшін аймақ басшысы Д. Ахметов, оның орынбасары Жақсылық Омар мен өзге де ресми адамдар тік ұшақпен арнайы ұшып келді. Оларды мұнда аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин мен аудандық мәслихаттың хатшысы Дүйсен Бралинов, экспедиция басшысы Зейнолла Самашев, «Берел тарихи-мәдени мұражайының» директоры Жангелді Ахмадиев қарсы алды. Келген бетте Даниал Кенжетайұлы археологтардың жұмыстарына өте ризашылығын білдірді, З. Самашевпен бірге қазылған шұңқырдың ішіне түсіп, одан шыққан жәдігерлерге жақыннан барып үңілді. Сол жерде тұрып осы қорғанды ашық аспан астындағы мұражай етуді ұйғарып, оның қ а б ы р ғ а л а р ы н екі-үш метрге дейін кеңейтіп, таспен қалап, түсіп-шығатын баспалдақ орнатып, төбесін шынымен жабуды ұсынды. Бұл жұмыстарға жергілікті бюджеттен қажетті қаржы бөлетін болды.

Археологтардың сөздеріне қарағанда, бұдан 150 жыл бұрын орыс ғалымы Радлов осыған қатар жатқан қорғанға зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сол кездегі барлық әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, жерленген сақ патшасының және онымен қатар жатқан 17 аттың мүрдесін тапқан екен. Ал, бүгінгі табылған адам мүрдесі сол патшаның әйелі болуы да мүмкін.

№2 қорғандағы қазба жұмыстары әлі толығымен аяқталған жоқ. Алда әлі де екі немесе үш жұмаға жететін жұмыстар бар. Оның барысында қосымша құнды жәдігерлердің табылып қалатындығына З. Самашевпен бірге Ресей ғылым академиясы Санкт-Петербургтағы тарихи-мәдени

академияның аға ғылыми қызметкері Николай Анатольевич Боковенко да үмітте. Бұл қорғанға да тонаушылар түскенімен, бір нәрседен қауіптеніп, адам мүрдесін көрден толықтай алып шыға алмаған. Бір сөзбен айтқанда З. Самашевтың басқаруындағы суретші-археолог Ғалымжан Қиясбекке, Астана қаласындағы Ө. Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының ғалымы Айдос Шотбаевқа, ШҚМУ-дың Алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері Елдос Кариев пен тәжірибеден өтіп жүрген бір топ студенттерге әлі де атқарар жұмыстар жетерлік.

Облыс әкімі Даниал Кенжетайұлы сол күні Берел тарихи-мәдени мұражайының әкімшілік үйінде болып, ондағы мұражайдағы №11 қорғаннан



табылған жәдігерлерді көріп, тамашалады. Бұдан соң археологтармен кеңес өткізді.

Онда Берелдегі қазба жұмыстарынан түйгендерін, табылған жәдігерлердің біздің жас тәуелсіз Қазақстанымыз үшін аса құнды екендігін айта келе, Берел қорғандары бойынша жақын арада, яғни, қыркүйек айының басында Өскеменде және «Сақ патшалары жазығында» өткізілетін халықаралық мәдени-ғылыми және танымдық шараларды белгілеп, қызметкерлерге нақты тапсырмалар берді.

(Басы. Соңы 2-бетте)

Тағайындау

11 шілде күні аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин аудан активіне өзінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасарын таныстырды. Бұл лауазымға конкурстық комиссиясының ұсынысы негізінде аудан әкімінің 2016 жылдың 23 маусымындағы өкімімен Қалиқан Дильдар Қалиқанұлы тағайындалды.

Қалиқан Дильдар 1985 жылдың 17 қыркүйегінде

Катонқарағай ауылында дүниеге келген. 2009 жылы Алматыдағы экономика және статистика академиясын менеджмент мамандығы бойынша, ал 2015 жылы – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін юриспруденция мамандығы бойынша бітірген.

2005 жылдың мамырынан 2012 жылдың қарашасы аралығында «Дамир» ШҚ басшысы, «Үш бұлақ» ЖШС-

нің директоры болған.

2012 жылдың қарашасынан бастап – ШҚО ішкі саясат басқармасының бас маманы, 2013 жылдың қыркүйегінен – ШҚО әкімінің ұйымдастырушылық, инспекторлық бөлімі аппаратының бас инспекторы, ал 2014 жылдың шілдесінен – Зайсан ауданы әкімінің орынбасары.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жолдар мен аурухана

Әлемге әйгілі «Рахман қайнарлары» шипажайына республикалық маңыздағы «Өскемен – Зырян – Катонқарағай – Рахман қайнарлары» жолы апарады.

2014 жылы «Катонқарағай ӨЖУ» ЖШС-і мердігерлік ұйымы бұл жолдың 19 километрлік бөлігін 399-шы километрден 418-ші километрге дейінгі аралыққа күрделі жөндеу

емханалық медициналық қызмет көрсету басты назарға алынған. Оның үстіне, тұрғындар саны да азайды. Осыған байланысты, біз жыл сайын төсек-орын санын шамамен 5 пайызға азайтуға мәжбүрміз. Жоба бойынша төсек-орын саны 75 болуы тиіс, ал қазіргі уақытта тек 40 төсек-орын бар. осының салдарынан ғимараттың бір бөлігі босап қалды. Бұл бөлікті біз, мысалы, пантымен



жұмыстарын бастаған, мұнда бұған дейін асфальт төселмеген еді. Жобаның жалпы құны – 2 млрд. 885 млн. теңге болды. Құрылыстың бірінші жылында 54,4 млн. теңге бөлініп игерілді, келесі жылы 799,3 млн. теңге игерілді. Ағымдағы жылы 898,2 млн. теңге бөлінді. Сәуір, мамыр, маусым айларында 190,6 млн. теңге игерілді. Темірбек Исабаевтың кәсіпорнында қуатты құрылыс-жол техникалары, асфальт-бетон зауыты және еңбекке қабілетті ұжымы бар, жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Аталмыш нысанда 70-ке жуық адам еңбек етеді, 34 бірлік ауыр техника жұмылдырылған.

Кәсіпорын директорының орынбасары Құмарбек Төпелеков облыс әкіміне жұмыстардың барысы жайлы баяндады, құрылыс материалдарының сапасын анықтау бойынша жылжымалы зертхананы, АБЗ-ны көрсетті, оларға өндірістік сипаттама берді.

Жалпы, аудан бойынша автомобиль жолдарының ұзындығы 775 километрді құрайды, олардың 227-сі – республикалық маңыздағы жолдар.

...2010 жылы Катонқарағайда жаңа типті аурухана кешені салынып, заманауи құралдармен жабдықталды, аталмыш аурухана «Катонқарағай ауданы ауданаралық аурухана» КМҚК орталығына айналды, оның құрамына 22 медпункт, үш дәрігерлік амбулатория және бір ПСМП кіреді.

Мұнда отыздан астам дәрігерлер мен 120 орта буын медицина қызметкерлері амбулаторлық-емханалық, стационарлық түрде білікті медициналық көмек көрсетеді.

Бұл мекемеде өңір басшысына емхананы, бөлімдерді аралатып көрсетті. Даниал Кенжетайұлы медицина қызметкерлерімен және дәрігерлердің қабылдауына келген сырқаттармен әңгімелесіп, жағдайды сұрады. Аталмыш аурухананың бүгінгі мәселесі – аумағы 780 шаршы метрді құрайтын аурухананың бос бөлігі.

–Жоба бойынша мұнда жан сақтау бөлімі мен хирургиялық стационар орналасуы тиіс болған,- деп жағдайды түсіндірді бас дәрігер Арқабек Қадырбаев. –Бірақ, жоба 2007 жылы әзірленгендіктен, одан бері норматив екі мәрте өзгертілді, біз екі мәрте оңтайландыруды бастан өткердік. Қазіргі уақытта стационарлық емес, амбулаторлық-

емдеу мекемесін ашу үшін жалға да беруге әзірміз. Өйткені, оның күтіміне шыққан шығынды ақтау қажет. Дегенмен, біздің өңірде мұндай кәсіпорындар жоқ.

Облыс әкімі бұл мәселе жөнінде әлі де ойластыру қажет екендігін айтты. Ол бас дәрігерге сауықтандыру орталықтары жұмыс істейтін Қытайға барып келуге кеңес берді, ол жақта адамдарды емдік шөптермен, олардың тамырларымен, ұмыт болған халық медицинасының тәсілдерімен емдейтіндігін ескертті. Айтпақтайын, бұл сауықтандыру орталықтарының бірінде қазақ диаспорасы жұмыс істейді екен. Мұндай орталықты экологиялық таза Катонқарағай өңірінде ұйымдастыру үшін барлық жағдайлар бар деді ол.

Ұлттық парктен – трансшекаралық биосфералық резерватқа

Онан соң, облыс әкімі бастаған делегация Қазақстанның ең ірі табиғат қорғау кәсіпорны – Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне келді. Оның аумағына тек Катонқарағай ғана емес, Зырян мен Күршім аудандарының да біраз аумағы кірген. Ұлттық парк – Қазақстан, Ресей, Қытай мен Монғолия шекараларын шектестіруде.

Ол ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациондық құндылықтары бар, Оңтүстік Алтайдың сирек кездесетін табиғи кешендерін сақтау және қалпына келтіру мақсатында ҚР Үкіметінің арнайы Қаулысымен 2001 жылдың 17 шілдесінде құрылған. Ұлттық парк ҚР АШМ орман шаруашылығы және жануарлар әлемі Комитетіне бағынышты. МҰТП-ның қорғалатын аумағы 46700 гектардан астам, оның төрттен үш бөлігі орманды жерлерді құрайды.

2014 жылдың 12 маусымында Швецияда ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы бойынша өткен отырыста Катонқарағай МҰТП-ны Бүкіләлемдік биосфералық резерваттар жүйесіне енгізу туралы шешім қабылданды. Ұлттық парктің Ресей Федерациясының Катунь мемлекеттік биосфералық қорығымен тығыз шекаралық қарым-қатынасы жоғары мемлекеттік деңгейде «Алтай» Трансшекаралық биосфералық резерватын құру туралы шешім қабылдауға ықпал етті, оның

құрамына екі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар енгізілді.

Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі туризмді дамытумен белсене шұғылдануда. Мұнда тоғыз туристік бағыттар ашылған. Олар – Рахман орманшылығының аумағындағы рекреациялық-танымдық «Ақ Берел» соқпағы, «Озерный» туристік-экскурсиялық бағыты, «Алтай соқпақтарымен», «Марал соқпақтарымен», «Бұландыкөл көліне» саяхаттық және ғылыми-танымдық бағыттары, «Тихое көліне», «Туған өлке бойынша», «Берел қорғандарына» атты оқу және ғылыми-танымдық бағыттары.

Осыдан біраз уақыт бұрын ҚР АШМ орман және аң аулау шаруашылығы Комитетінде Сарымсақты тауына бағытталған тағы да бір маршрут ашылып бекітілді.

Бұл туралы және басқа да мәселелер туралы облыс әкіміне ұлттық парктің бас директоры Ерлан Мұстафин және МҰТП мамандары баяндады. Сондай-ақ, әкімшілік корпус аулалында МҰТП-ның жұмыс құралдары көрсетілді.

Ұлттық парк мамандарымен әңгімелескен Даниал Кенжетайұлы өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін түрлері жайлы сұрады, сондай-ақ облыс әкімі МҰТП қызметкерлерін тек жергілікті табиғатты қорғаумен ғана шектелмей, қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп, қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, ел бюджетін толықтыруға шақырды.

–Бұл өлке құнды емдік өсімдіктерге бай, олардан дәрі-дәрмектер жасауға болады, - деді ол. –Меніңше, халық медицинасы да қызмет етуге құқылы. Табиғи емдік өсімдіктер қытайлықтар жылыжайларда өсірген емдік шөптерге қарағанда, әлдеқайда құнды әрі тиімді. Ұлттық парктің болғаны жақсы, бірақ бұл мәселеге ерекше көзқарас қажет. Табиғатты игілігімізге пайдалану қажет. Мысалы, бұл жерлерде еліктер өте көп. Көптеген дамыған елдерде осыны пайдаланып, үлкен қаржы жасайды, шетелдіктердің аңшылық құруын ұйымдастырады. Жалпы, сіздер өте зор, халыққа қажетті қызметті атқарып келесіздер және бұл – Қазақстанның болашақ ұрпағына жасалған қамқорлық деп білемін.

Мектеп пен қазандық



Облыс әкімінің жұмыс кестесі бұл күні өте тығыз болды. Аудан орталығында облыс әкімі 1970 жылы пайдалануға берілген Ленин атындағы орта мектепте болды. Қазіргі уақытта бұл мектепте 237 оқушы білім алуда, 30 ұстаз еңбек етуде.

Биылғы жылғы жеті түлектің бірі – Рахым Жамалбеков аталмыш білім ошағын үздік деген бағамен аяқтаған. ҰБТ тапсырудың қорытындысы бойынша орташа балл бұл мектеп бойынша 75 болған, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 8 баллға жоғары.

–Бұл - базалық мектеп. Жыл сайын мұнда оқушыларды Бірыңғай Ұлттық тестілеуден өткізу жүргізіледі. Биылғы жылы бұл мектепте кадет класын ашу жоспарланып отыр. Ол үшін қазірдің өзінде 20 өтініш түсті. Бірақ, ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары қажет,- деді аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин, өңір басшысын мекеменің жағдайымен таныстыра отырып.

Мектеп ғимаратын аралап көрген облыс әкімі Даниал Ахметов мектепте жөндеу жұмыстарын өткізуге қажетті қаржы бөлінетіндігін айтты.

Онан соң, өңір басшысы аудан орталығы Үлкен Нарындағы орталық қазандықта болды. Қазандық өткен жылы салынып, пайдалануға берілген. Сондай-ақ, ұзындығы 4,2 километрді құрайтын жылу жүйесі өзгертіп салынған. Қазандықтың жалпы қуаттылығы – сағатына 10,4 Гкал құрайды, мұнда төрт қазандық орнатылған, нысанда 15 адам жұмыс істейді. Балансұстаушы – Нығмет Шаухин басқаратын «Нарын Сервис» ЖШС.

Кәсіпорын басшысы мәлімдегендей, қазандықтың қуаттылығы аудан орталығын жылумен қамтуға толық жеткілікті, бірақ, көмірмен қамтамасыз ету мәселесін шешу қиын. Мұның мәнісі – тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтың қызметіне жұмсалатын шығындарды жабатын «Нарын Сервис» ЖШС атқаратын құрылыс жұмыстарының көлемі әлдеқайда азайған, сондықтан, серіктестік айналымдағы меншікті қаржысы есебінен қазандықты қажетті мөлшерде көмірмен қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты, бюджеттен қаржы бөлу қажет. Дегенмен, нысанның баланстық құнының тек 30 пайызы ғана мемлекет иелігінде, қалғаны – «Нарын Сервис» ЖШС-не қарасты.

Даниал Ахметов бұл мәселені зерттеуге уәде берді және техникалық-экономикалық негіздеудің есебін жасауды тапсырды. Сондай-ақ, өңір басшысы қаржы үнемдеу мақсатында, орталық жылу беру жүйесіне Үлкен Нарында өткен жылы пайдалануға берілген Дамитов атындағы жаңа мектепті қосуға бола ма деп сұрады. Бұл тұрғыда ұзындығы 250 метр болатын қосымша жылу жүйесін салу қажет екендігі айтылды. Кездесу соңында облыс әкімі жобалық-

сметалық құжаттар әзірлеу жөнінде тапсырма берді және жылу жүйесінің құрылысына қаржы іздестірілетіндігін айтты.

Облыс әкімінің жанында оның орынбасары Жақсылық Омар, аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов және басқалар болды.

Материалды даярлағандар:
Шамиль Багаутдинов,
Жәнібек Қызыр.
Сурет авторлардікі.



ПАРТИЯЛЫҚТАР ЕСЕП БЕРДІ

8 шілдеде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өткізілді.



Форумды аша отырып, аудан әкімі, партияның аудандық филиалының төрағасы Ахметқали Нұрғожин іскерлік бастама мен кәсіпкерлікті қолдау бойынша басым бағыттардың бірі – орта тапты құру деді. Бұл туралы «Қазақстан -2050» стратегиясы, Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары бағдарламалық құжаттарында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткен.

Қазақстанда кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету бойынша бірқатар шаралар жүйесі жасалған. Шағын кәсіпкерлік кез-келген мемлекет экономикасының дамуында жетекші роль атқарады. Оның динамикасы экономикалық өсімге, ғылыми-техникалық прогреске, рыноктардың сапалы тауарлармен қамтамасыз етілуіне ықпал етеді. Мұнан өзге, шағын бизнес ұлттық экономика үшін маңызды функцияларды: тиімді бәсекелестік ортаға қолдау көрсетеді, қосымша жұмыс орындарын құрады, монополизмге қарсы әрекет етеді және тұтынушылық сұранысты кеңейтеді.

Шағын кәсіпкерлікпен шұғылданатын кәсіпорындардың іс-қызметі аясын кеңейту тек біздің республикамыздағы экономикалық рынокқа оңды ықпал етіп қана қоймай, оның жаңа, анағұрлым сапалы деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы саяси-кеңесінің 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстары және Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауындағы қойылған міндеттердің, «Қазақстан – 2050» стратегиясының, «Нұр Отан» партиясының Саяси Доктринасының, «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан – 2021: бірлік, тұрақтылық, жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасының аясында алға қойған мақсаттары туралы партияның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Ағажәева есептік баяндама жасады.

Онан соң, аудан әкімінің орынбасары Бибигүл Рақышева Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауында қойылған міндеттердің «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан – 2021: бірлік, тұрақтылық, жасампаздық» атты сайлауалды



бағдарламасының «Орта тап – елдің жалпы дамуының ресурсы» бағытының орындалу барысы туралы мәлімдеді.

Солоновка, Өрел, Новохайрузовка ауылдық округтеріндегі бастауыш партия ұйымдарында «Ардагерлерді ардақтайық», «Ұлы дала елі», «Занятость на селе», «Бақытты балалық» және «Кедергісіз келешек» партиялық жобалардың жүзеге асырылуы туралы бастауыш партия ұйымдарының төрағалары – Айбек Байғонұсовтың, Еркін Көбешовтің, Лазат Мамырханованың ақпараттары тыңдалды.

Қаралаған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

АГРОБИЗНЕС - 2020



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДӘНДІК ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛЕДІ

Аудандық мәдениет үйінде ауыл шаруашылық тауар өндірушілермен және ауыл шаруашылығы саласының мамандарымен дән сату бойынша қағаз жүзінде қолжазба берудің орнына, электронды қолжазба беруді енгізу туралы семинар-кеңес өткізілді.



Бұл жаңалық «Дән туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілуіне байланысты туындап отыр. Өйткені, осыдан он жылдан астам бұрын енгізілген тәсілдер өзінің тиімділігін көрсетсе де аталмыш заңында әлдебір қарамақайшылықтар туындап, нәтижесінде элеваторлар құнды қағазға шексіз

құмарта түсті. Яғни, 100 мың тоннаға дейін дән сақтай алатын элеватор, 200 мың тонна дөнге қолжазба бере алатын болды, мұны бақылауға алуға ешқандай мүмкіндік болмады. Сондықтан да, есеп жүргізу журналдары өзбетімен жүргізіліп, әрбір элеваторға бақылаушы қою мүмкін емес еді.

Сондықтан, аталмыш заңда дән сақтауға қолжазбалар элеваторлар үшін электронды түрде ресімделуі тиіс екендігі көрсетілген. Қазақстанда қазірдің өзінде дән сақтауға қолжазба берудің мемлекеттік электрондық реестрі құрылған, ол дәнді тасымалдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге, қолда жоқ өнімге қолжазба беруге жол бермеуге бағытталған, нәтижесінде – дөнге берілген электронды қолжазбаға сенім артады және ол қаржылық құрал ретінде агроөндірістік кешенге инвестиция тартуға да қолайлы болмақ.

Бұл туралы семинар-кеңесте ҚР АШМ ШҚО аумақтық инспекциясының мемлекеттік дән инспекциясы бөлімінің басшысы Анатолий Фролов, «Ақпараттық есептік орталық» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық бөлімі бастығының м.а. Тұрсынхан Ергейбай және ШҚО ауыл шаруашылығы басқармасының егін шаруашылығы және жер өңдеу, тұқым және дән инспекциясының бөлім басшысы Әділет Төлеутаев әңгімеледі.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Рақымғали Байгереев мәлімдегендей, элеваторларға дән тапсыру үшін ауыл шаруашылық құрылымдарының электрондық-цифрлық қолтаңбасы (ЭЦП) болуы тиіс, өйткені, 23 шілдеден бастап бүкіл еліміздің аумағында тек қана электрондық дәндік қолжазбалар қолданысқа енгізіледі.

Материалдарды даярлаған Шамиль Багаутдинов.
Суреттер автордікі.

■ Маусым тақырыбы



ЖАЙЛАУ ТӨСІ МАЛҒА ТОЛДЫ

Жыл сайын жаз айларында малдарын суы мол, шөбі шүйгін әрі салқын жайлауға шығарып, семіртетін Катонқарағай ауылының шаруа қожалықтары мен жекеменшік мал иелері биыл жылдағыдан екі апта кеш қозғалды. Биік шыңды тау арасымен өтетін жалғызаяқ ат жолын, ондағы «Обалы» мен «Өгіз сыймас» асуларын екі-үш метрдей қалың қасат басып жатты. Маусымның ортасынан бастап кезек-кезек жол шолуға шыққандар осы айдың соңында ғана «Мәметек» пен «Шыжымға» мал шығаруға тәуекел етті. Жылқылары мен сиырларын бірігіп бағатын жекеменшік мал иелері зейнеткерлер Сайлау Қисанбин, Сағынған Нұрмолдин, Серік Баянов, кәсіпкерлер Жүмән Аипов, Құмаржан Шыныбаев, Қайнар Сүлейменов, Рафхат Әлкенев тағы басқалар он екі, он үш сағат жол жүріп, қырық-елу шақырым жердегі жазғы мекендеріне өздері жетті.

– Мен өзім малмен көзін ашқан малшының баласымын, –

дейді Қ. Шыныбаев. – Қанша рет жаз жайлауға шықсам да, дәл биылғыдай қалың қарды көрген емеспін. Жылқыларды алға салып, жол бастырып, қалған малды артынан айдадық. Жүк артқан аттарды кейбір жерде қарға киіз төсеп жүргізуге тура келді. Қар астындағы қорым тасқа аяқтарын сындырған, қасатқа шомбып, болдырып, жолда қалған малдар да болды. Бір көш жүріп өткенімен, жол ашылып, басылмады. Кейінгілерге де қатқалы тандап жаңадан жол салуға тура келді.

Осындай көп жол бейнетімен жайлауға көтерілген кәсіпкерлер, малшылар – күршімдіктерден де қорғана жүре, малдарын жайып семіртуге кіріскен. Ертеректе аудандардың аумақтарын белгілеу кезінде бұрынғы Катонқарағай ауданы басшыларының жайбасарлығы мен ұқыпсыздығынан «Алтай» кеңшарының малшылары жазғы жайылым етіп пайдаланған көп жерлері көрші ауданның иелігіне өтіп кеткен. «Мәметек», «Шыжым» дейтін жалпы жайлаулардың атауына кіретін «Шілдебай тас», «Дәрібай», «Майлыбай саз», «Нәзек бастауы», «Қараала сиыр» сияқты

мал семіртуге қолайлы телімдер иен, бос жатқанымен, күршімдіктер ешкімді жібермейді.

Өткен ғасырдың аяғында, сексенінші жылдарда «Алтай» кеңшары аудандық жол пайдалану учаскесімен бірлесіп, қыруар қаржы жұмсап, Тайшы дарасына дейін жол салған болатын. Алғашқы жылы сол жолмен доңғалақты трактормен, жүргіштігі жоғары Газ-66 машинасымен малшылар бір-екі рет қана жарты жолға дейін мал тұзын жеткізген. Содан кейін ол жаққа техника табаны тиген жоқ. Еріген қар суымен, нәсер жаңбырмен шайылған қорым қайтадан жолды бітеп тастаған. Енді осы жолмен тек қана салт атпен ғана жүруге болады.

Қоңыр салқын, суы да нуы да, мол жазғы жайлауда төрт түлік мал жақсы қоң жинауда. Қонданған, сыртқы түгі жылтылдаған малдарына қарап, малшылар кешегі көрген жол азабын ұмытқандай...

Жәнібек Қызыр.



ШӨП ДАЯРЛАУ ЖАЛҒАСУДА

Жаз айларының жауынды болуының арқасында шабындықтардағы шөп бітік шықты. Үлкен Нарын мен Белқарағай ауылдық округтерінің аумағындағы шаруашылықтарда қазіргі уақытта көпжылдық шөп шабылуда.

Ағымдағы жылдың 13 шілдесіндегі мәлімет бойынша 900 тонна шөп әзірленді, оның орташа түсімділігі гектарынан 25 центнерді құрайды.

Маусымның соңына дейін 159 мың тонна шөп әзірлеу қажет.

Мал азығын қажетті мөлшерде даярлау үшін аудан шаруашылықтарында техника мен жанар-жағар май жеткілікті.

Өз тілшіміз.

Біз - қазақстандықтармыз!

ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ



Достық үйінде аудан орталығындағы мектептердің оқушылары үшін каникул кезінде шебер-сыныптар ұйымдастырылған. Мұнда этномәдени бірлестіктердің жетекшілері балаларға қолөнер бұйымдарын, ұлттық тағамдарды әзірлеуді үйретеді.

Новохайрузовкалық Светлана Козуб неміс этномәдени бірлестігін басқарады, ол Ресейдің Г.В. Плеханов атындағы экономикалық университеттің Өскемен филиалында сырттай оқиды. Ол балаларға немістің ұлттық тағамдарын әзірлеуді үйретуде.

Бұрын біздің ауылымызда неміс халқы көп болған, сондықтан оны кейбіреулер «ФРГ» деп әзілдейтін,- дейді ол. Бірақ, 1990-шы жылдарда олардың көпшілігі Германияға қоныс аударды. Қазір біз олармен хабарласып тұрамыз, олардың кіші отандарын сағынып жүргендерін де білеміз. Ауылдастарын – қазақтарды, орыстарды, украиндарды сағына еске алады. Өйткені, олар ұзақ жылдар бойы барлығы осы Қазақстанның жомарт елінде тату-тәтті өмір сүрді. Олардың көпшілігі көшіп кеткендеріне 20 жылға таяу уақыт өтсе де, ол жақты жерсіне алмай жүргендерін айтады.

Осы немістер біздің ауылымызда, өздерінің соңында, ұлттық салт-дәстүрлерінен бай мәдени мұра қалдырды, қазіргі уақытта біз оларды сақтап қалуға, тіпті, арттыруға тырысудамыз. Мысалы, «Eksellent» атты неміс би тобын құрдық, оған мектеп кітапханашысы Елена Гофман жетекшілік етеді. Бұл топ өз өнерін биылғы жылдың 1 Мамырында, аудандық Достық үйінің ресми түрде ашылуында және Жеңіс күнінде, 11 маусымда Көктеректе өткен «Сабантойда» сәтті көрсетті. Достық үйінде біз өз күшімізбен неміс этноорталығының бұрышын жасадық, мұнда біздің халқымыздың тақырыптық түрде безендірілген мәдени

және тұрмыстық заттары қойылған.

Біздің мемлекетіміздің бірегейлігі – оның көпұлттылығы мен зайырлылығында, ал бұл – әртүрлі ұлттар мәдениетін өзара байытуға жағдай жасайды. Балалар немістердің, қазақтар мен татарлардың, орыстардың арасындағы достық қарым-қатынасты білулері тиіс. Осы мақсатта біз шебер-сыныптар өткізудеміз,- деді Светлана Козуб.

Бұл кезде балалар әртүрлі тағамдардан дәм татып, оларға өздерінше баға беріп жатты, кейбіреулері әлдебір тағамның неден жасалғанын жазып алды. Үйлеріне келісімен, олар немістің бұл тағамын әзірлеп көретініне сенімдіміз. Осылайша, біз бір-бірімізді жақынырақ танып, білеміз. Біз – тату-тәтті, үлкен бір отбасындаймыз.

Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин біздің алдымызға Достық үйін нағыз қоғамдық келісім орталығы ету туралы міндет қойды,- дейді мекеме директоры Наталья Гостеева. –Сондықтан да, біздің іс-қызметіміз – ұлттық мәдени орталықтардың және басқа да қоғамдық ұйымдардың, аудандағы барлық ұлттар мен ұлыстардың өзіндік мәдениетін, тілдерін жаңғырту және дамыту, олардың белсенді істерін бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағыттау. Ал, шебер-сыныптар ұйымдастыру арқылы, біз ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерімізді насихаттаймыз.

Осыдан бір күн бұрын славян этномәдени бірлестігінің жетекшісі Вера Дягилева қуыршақтар жасау шеберлігін көрсеткен, ал 6 шілде – Астана күнінде, татар этноорталығының өкілі Ләйлә Ғалиева тұрмыстық заттарды әшекейлеу бойынша шебер-сынып өткізген.

Шамиль Багаудинов.
Сурет автордікі.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«СҰҢҚАР» ЕСІГІН АШТЫ

Астана күні қарсаңында «Сұңқар» жазғы сауықтандыру лагері ашылды.

мұнда ШҚМК студенттерінің тәжірибеден өтулері үшін де жақсы жағдайлар жасалған. Олар – дене



Жиынды салтанатты түрде лагерь директоры Меруерт Бұқабаева ашты, ол Үштөбе мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Меруерттің ұсынысы бойынша, салтанатты шара ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

Аудан әкімінің орынбасары Б. Рақышева балаларды демалыс маусымының ашылуымен құттықтап, оларға қызықты да көңілді демалыс тіледі.

Көңілді мереке Шыңғыстай орта мектебінің «Барыс» тобының үнді биімен басталды.

Мерекелік концерт жүріп жатқанда, мен лагерь директорымен сұхбаттастым.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес, лагерьде үш топ құрылған. Олар – «Барыс», «Сұңқар», «Алау» деп аталады. Балалар достасып кетті, олар үш маусыммен он-он күннен дем алады. Мектеп қабырғасындағы қарбалас тірліктен шаршаған балалар қызықты, тартымды ойындарға белсене қатысуда. Мұнда дем алған балалардың жақсы әсер алатындықтарына сенімдіміз. Сондықтан, әртүрлі ойындарды, сайыстарды қамтитын арнайы бағдарлама жасадық. Балалардың қызығушылықтары бойынша әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді. Ал, ағылшын тілін оқуға ниет білдірушілер үшін сабақтар жоспарланған,- дейді М. Бұқабаева. Жазғы демалыс уақытында

шынықтыру пәнінің мұғалімі Досым Толқынбаев, болашақ ұстаздар – Сымбат Бұқабаева мен Назира Ниязбекова. Тәжірибеден өтушілер тәрбиешілерге көмектеседі,

балалардың тәртібі мен қауіпсіздігін қадағалайды. Д. Толқынбаевтың айтуынша, жағалауда дем алатын арнайы орындар әзірленген, суға шомылатын жерлер белгіленген.

Тәрбиеші әрі диджей Асқар Кенжеғалиев дискотекалар ұйымдастырады.

Медбике Екатерина Байтуф балалардың денсаулықтарын күнделікті бақылап отырады. Асханадағы тағамдардың сапасы да осы адамның жіті қадағалауында.

Балалар тәулігіне бес рет тамақтанады. Ас мәзірінде ет, міндетті түрде табиғи шырндар, салаттар және тәтті-дәмділер бар. Тағамдар дәмді әрі нәрлі. Бұл үшін біз аспаздар – Сымбат Құдайбергенова, Альмира Мамырбаева, Ләйлә Қасымхановаға рахмет айтамыз,- дейді Е. Байтуф.

Лагерьге болғандар полиция қызметкері, балалардың құқықбұзушылығының алдын-алу мақсатында жұмыс жүргізіп, лагерьдің аумағын бақылаушы Асхат Самаевтан да көптеген қызықты мәліметтер тыңдай алады.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

2006 жылғы үлгідегі айналыстағы банкноттарды ауыстыру туралы



Ұлттық Банк 2016 жылғы 3 қазанда 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000, 10000 теңге банкноттардың айналымда жүруі аяқталатынын еске салады:

Аталған күнге дейін бұл банкноттар заңды төлем құралы болып табылады

және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қандай да бір шектеусіз төлемдер мен банктік операциялар жасау үшін қолданылады.

2016 жылғы 4 қазаннан бастап 12 ай ішінде 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңге, 5000 теңге, 10 000 теңге банкноттарды екінші деңгейдегі банктер мен Ұлттық Банктің филиалдары қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастайды.

2017 жылғы 4 қазаннан бастап 2020 жылғы 3 қазанға дейін – тек Ұлттық Банктің филиалдары ауыстырады.

2020 жылғы 4 қазаннан бастап банкноттар жарамсыз болады. Туындаған мәселелер бойынша Ұлттық Банктің Шығыс Қазақстан филиалына мына телефондар арқылы хабарласуды сұраймыз: 254-306, 254-496.



Құрметті аудан тұрғындары мен қомақтары!
Сіздерді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 25 жылдығы мен Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 15 жылдығына арналған «Ел мен Жер» мерекелік іс-шарасының құрметті қонағы болуға шақырамыз!

Уақыты	Іс-шара атауы	Өткізілетін орны
20.07.2016 сағат 13.00	Катонқарағай МҰТП-нің аумағына кіреберіс-топтама шағын кешенінің ашылуы	«Өскемен – Рахман қайнары» тас жолы бойы (Солдатово ауылының тұсы)
21.07.2016 сағат 10.00	Салтанатты жиын	Катонқарағай ауылдық мәдениет үйі
21.07.2016 сағат: 14.00	Спорттық ойындар: - Бөйге 15 км; - 5 км; - Жорға; - Қыз қуу; - Аударыспақ; - Арқан тарту.	Ипподром
21.07.2016 сағат: 20.00	Кешкі би, от шашу	Киіз үй қалашығы

VI шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылдың 17 маусымдағы III сессиясының №3/29-VI шешімі

«Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссиялары туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі №22/167- V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-II Заңының 6-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссиялары туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі №22/167-V шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

«Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссиялары туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі №22/167- V шешімінде бүкіл мәтін бойынша «Ауыл» Қазақстан социал-демократиялық партиясы» сөздері «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» сөздерімен ауыстырылсын.

«Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 1 қосымша: комиссия мүшелігіне сайлансын:

Тлеудинова Тоты Абылгазиновна - Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясынан.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №1 Новохайрузовка округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 2 қосымша:

комиссия мүшелігіне Новоходская Вера Нестеровна – аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №2 Үлкен Нарын округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 3 қосымша:

комиссия мүшелігіне Садыкова Гаухар Кайролдиновна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №3 Боран округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 4 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Кунанбаева Галия Советовна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан.

Курманбаев Кабдылманпай Кумарович - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №4 Балғын округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 5 қосымша:

комиссия мүшелігіне Садыкова Нурзига Нурсапаровна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №5 Солоновка округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 6 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Есенгазина Гульнар Слямовна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан.

Мурзашева Айжан Бауржановна – аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №6 Алтынбел округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 7 қосымша:

комиссия мүшелігіне Байгуакова Мээрим Болотбековна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №7 Белқарағай округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 8 қосымша:

комиссия мүшелігіне Тыныбекова Кумисай Тукашевна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №8 Катонқарағай округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 9 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенбаева Майра Болаткановна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №9 Алтай округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 10 қосымша:

комиссия мүшелігіне Бокеева Толкын Елжанқызы - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №10 Аққайнар округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 11 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Мынгынова Гульжибек - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан.

Кокабаева Булбул Базарбековна- «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №11 Жамбыл округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 12 қосымша:

комиссия мүшелігіне Дюлкюмбаев Айдос Валерьевич - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №12 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есимканова Назига- білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №13 Өрел округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №14 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есимканова Назига- білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №15 Өрел округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №16 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есимканова Назига- білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №17 Өрел округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №18 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №19 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №20 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

«Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын №21 Ақсу округтік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 13 қосымша:

комиссия мүшелігіне Есенаманова Гульнара Каукарбековна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан сайлансын.

комиссия мүшелігіне Перова Эльмира Есболатовна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«848 Кирзавод учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 19 қосымша:

комиссия мүшелігіне Жансултанова Айнагуль - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«№849 Орталық учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 20 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Нургазиева Наргуль Кайратовна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан.

Досканина Галия Туркистановна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан.

«№850 Нарын учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 21 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Кожажумарова Бактыгуль Қусмановна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан.

Нургазиев Кайрат Кисаевич – Нұр Отан партиясынан.

«№851 Боран учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 22 қосымша:

комиссия мүшелігіне Байгереев Рахимғали Қалаубаевич - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№852 Свинчатка учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 23 қосымша:

комиссия мүшелігіне Липская Татьяна Владимировна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№853 Көктерек учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 24 қосымша:

комиссия мүшелігіне Кунанбаев Труысбек Нураллович - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№854 Балғын учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 25 қосымша:

комиссия мүшелігіне Слямов Серик Каиргажинович - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№855 Жұлдыз учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 26 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Бапуров Кайрат Сейтказинович- аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан.

Малгажин Нартай Шакенович – Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясынан.

Кумарбекова Гульмира Аргынгазиновна - Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан.

«№856 Көкбастау учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 27 қосымша:

комиссия мүшелігіне Джабагинова Жазира Саукеновна- аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№857 Солоновка учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 28 қосымша:

комиссия мүшелігіне Мейренбаева Сайра Бияшевна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№858 Малонарымкау учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 29 қосымша:

комиссия мүшелігіне Бектурганова Зияш Муктаровна - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№859 Алтынбел учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 30 қосымша:

комиссия мүшелігіне Ракишева Гаухар Сагидолдиновна - мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерінің Шығыс Қазақстан кәсіподақ ұйымының филиалынан.

«№860 Үштөбе учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 31 қосымша:

комиссия мүшелігіне Узбаева Назигуль Канбекқызы - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«№861 Егінді учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 32 қосымша:

комиссия мүшелігіне Аскабилова Гульнур Қасымовна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«№862 Маймер учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 33 қосымша:

комиссия мүшелігіне Катчибаева Ботағоз Абдулдиновна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан сайлансын.

«№863 Солдатов учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 34 қосымша:

комиссия мүшелігіне Лукпанова Катира - аудандық аумақтық сайлау комиссиясынан сайлансын.

«№864 Новополяковка учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» аталған шешімнің 35 қосымша:

комиссия мүшелігіне сайлансын: Иманбаева Мария Федоровна - білім беру қызметкерлерінің кәсіподағынан.

